

Бекітемін:

ЖШС «Шалхар-Ата» б/б

Менгерушісі:

А.Медетова



# «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры»

Тәрбиеші: Д.Аманжолова

2023жыл

## **«Тіл ғұмыры –Ел ғұмыры»**

**Тақырыбы: «Тіл ғұмыры –Ел ғұмыры»**

**Мақсаты:** Балалар сөздік қорларын дамыту. Ана тіліне сүйспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге атсалысуға қалыптастыру. Мақал – мәтелдер арқылы балалардың дүниетанымын, ой өрісін дамыту.

**Сабақ түрі : Сайыс**

### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

Амандасу.

Біз әдепті баламыз.

Біз ерекше боламыз,

Қонақтарды көргенде,

Сәлеметсіздерме! –деп

Сәлемдесіп аламыз.

Сайысымызды бастамас бұрын балаларды екі топқа бөліп аламыз.Топ атымен ,ұранымен таныстыру.

### **«Қыран» тобы**

Ұраны : «Қырандай күшті қанатты,

Қыран тобы талантты»

### **«Тұлпар» тобы**

«Тұлпар қалмас жарыстан,

Біз өрендер талантты».

Сайыс 4 кезеңнен тұрады.

1. «Бәйге»

2. « Мақал-мәтел»

3. «Жұмбақ жасыру».

4. Шығармашылық.

1 кезеңіміз «Бәйге деп аталынады. Бұл кезеңде әр топқа 5 сұрақтан қойылады.

Әр сұраққа бір ұпайдан қойырады.

**«Қыран» тобына қойылатын сұрақтар:**

1. Біз қай мемлекетте тұрамыз? ( Қазақстан)
2. Біздің елбасшымыз кім? ( Қ. Тоқаев)
3. Сендер келетін бақшаның аты?( Шалхар-Ата)
4. Бір жылда неше мезгіл бар? (Бір жылда төрт мезгіл бар )
5. Мынау қандай ертегі? ( Баырсәк )

**«Тұлпар» тобына қойылатын сұрақтар.**

1. Біздің елордамыз қай қала? ( Астана.)
2. Біздің тобымыз қалай аталады? «Қошақан»
3. Бір аптада неше күн бар? . ( Бір аптада жеті күн бар)
4. Бақшаға неше күн келеміз? ( Бес күн келеміз)
5. Мынау қандай ертегі? ( Жеті лақ ертегісі)

**2. Кезең «Мақал –мәтел»**

Бұл кезеңде екі топ мақал айтып жарысады.

3.кезең.

«Жұмбақ жасыру» деп аталады.

**«Тұлпар» тобына қойылатын жұмбақ.**

Өзі қу, жүрген жері айқай шу. ( Түлкі)

Ұшады қанатсыз.

Зырлайды аяқсыз.( Зымыран)

**«Қыран» тобына қойылатын жұмбақ.**

1. Шықса көк ,түссе сары. ( Жапырақ.)

2. Бейбітшілік құсы деп,  
Айтады оны барша жұрт. ( Көгершін)

3. Кезең. Шығармашылық.

Балалар өз тобының «Қыран» тобы қыран құсты бояп шығады.

«Тұлпар» тобы тұлпардың суретін бояп шығады.

Әділ қазылар шешімін шығарғанша балаларымыздың  
ән шашуын қабыл алыңыздар!

О, адамдар,қадірінеи жетіңдер!

Ана тілің –анаң.Сыйлап өтіңдер!

Туған тілін танымаған көрсоқыр,

Болып өтер,мәңгіөкінер.

Енді әділ қазылар шешімін тыңдайық.

Балаларды марапаттайық.

